

Ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілерге кредит беру жүйесі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 24 желтоқсан 1994 ж. N 1461. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

Республиканың ауыл шаруашылығындағы жағдай өте күрделі болып отыр. Нарықтық қатынастарға кіру және өндіріс құрал-жабдықтары мен ауыл шаруашылығы шикізатына баға теңдестігін қамтамасыз етудің қиындығы ауыл шаруашылығының алдына бірқатар объективті проблемалар қойып отыр. Олардың ең бастыларының бірі - қаржы ресурстарының үнемі жетіспеуі және селоға кредит беру жүйесінің жөнге келтірілмегендігі.

Аграрлық сектордағы экономиканы тұрақтандыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қаржы министрлігі мен Экономика министрлігі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісе отырып:

республика халқын азық-түлікпен және өнеркәсіпті шикізатпен қамтамасыз ету үшін жыл сайын 1 желтоқсанға дейін тиісті министрліктердің, ведомстволар мен облыстық әкімшіліктердің өтінімдері негізінде дайындаушы, ұқсатушы, сатушы ұйымдар мен кәсіпорындардың қажетті кредит ресурстарына деген мұқтажын анықтап отырсын. Осы кредиттер үшін проценттер төлеу жөніндегі шығыстар дайындаушы, ұқсатушы, сатушы кәсіпорындар мен ұйымдардың шығындарына жатқызылсын;

Қазақстан Республикасының ішкі жалпы өніміндегі агроөнеркәсіп кешенінің үлесіне сәйкес оған берілетін кредит ресурстарының жалпы сомасын тоқсан сайын анықтап отырсын;

ауыл шаруашылығының тауар өндірушілеріне Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 22 шілдедегі N 826 қаулысымен және қолданылып жүрген заңдармен белгіленген тәртіппен келесі жылға ауысатын айналым қаражатының жыл ішіндегі жетіспеуіне қарай және технологияға байланысты өндіріс шығындары мен материалдық құндылықтар қоры үшін сараланған ставкалар бойынша кредиттер берсін.

2. Агроөнеркәсіп кешенінің шаруашылық жүргізуші субъектілеріне орташа мерзімдік кредиттер жаңа техника мен технология негізінде өнім өндіруді тұрақтандыру, оны ұқсатуды, сақтауды, сату мен агросервистік қызмет көрсетуді

қамтамасыз ететін жергілікті әкімшіліктердің Мемлекеттік ұлттық бағдарламаларында көзделген шараларды қаржыландыруға Қазақстанның мемлекеттік Даму банкі арқылы 5 жылға дейінгі мерзімге берілсін.

3. Дайындаушы, ұқсатушы және сатушы ұйымдар мен кәсіпорындар ауыл шаруашылығының тауар өндірушілерімен форвардтық-фьючерлік және басқа да негізде келесі жылы ауыл шаруашылығы өнімдері мен шикізат беріп тұруға жыл сайын 30 желтоқсанға дейін контрактілер жасайтын болсын. Ауыл шаруашылығы өнімдерін сатып алу мен беріп тұрудың нақты шарттары тікелей келісім-шартта баяндалсын.

4. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Қаржы министрлігімен, Экономика министрлігімен, облыс әкімдерімен бірлесе отырып, банктің орталықтандырылған кредиттері бойынша ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының берешегін өтеу көздерімен қамтамасыз етілмеген, Ауыл шаруашылығын қаржымен қолдаудың мемлекеттік қорына берілуге тиісті соманы анықтайтын болсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-министрі